

Қоғам мен мемлекет. Қоғамның саяси жүйесіндегі мемлекет

Орындаған: Тиышбай Олжас, ТДК-11

Тексерген: Какимжанова Нургул

Қоғам - экономикалық және рухани біртұтастықпен, өмір сүру жағдайын ұйымдастырудың тұтастығымен сипатталатын, белгілі бір аумақтағы адамдар бірлігі.

Саяси жүйе - елдің саяси өміріне қатысатын мемлекет пен мемлекеттік емес қоғамдық құрылымдардың біртұтас кешенде қарастырылуы.

Сонымен, қоғамның саяси жүйесі - мемлекеттік және қоғамдық ұйымдардың, еңбек ұжымдарының бірігіп, елдің саяси өміріне кірісіп, қоғамды дамытуға, нығайтуға үлес қосуы.

Саяси жүйенің ең күрделі, ең маңызды элементі - мемлекет. Саяси жүйенің қоғамды басқарудағы ең орталық буыны - мемлекет.

Құқықты мемлекет - бұл адам мен азаматтың құқықтар мен бостандықтарының толық түрде қамтамасыз етілуіне және құқық бұзушылықтарды болдырмау мақсатында мемлекеттік билікті құқықпен мейлінше байланыстыруға жағдай жасаушы саяси билік ұйымы.

Құқықтық мемлекеттің мәнін қарастыруда оның негізгі екі жағын (екі негізгі кағиданы) бөліп қарастыруға болады:

1) мазмұнды жағы - адам мен азаматтың құқықтары мен бостандықтарын мейлінше толық көлемде қамтамасыз етуден тұлға үшін құқықтық ынталандыру режимін орнықтырудан көрінеді;

2) формальды-заңды жағы - мемлекеттік билікті құқықпен байланыстырудан, мемлекеттік құрылымдар үшін құқықтық шектеу режимін орнықтырудан көрінеді.

Қоғамның саяси жүйесі деп билік жүргізіп, қоғамда тұрақтылық пен тәртіпті қамтамасыз ететін, әлеуметтік топтар, таптар, ұлттар, мемлекеттер арасындағы саяси өзара қатынастарды реттейтін ұйымдар мен мекемелердің жиынтығын айтады.



Саяси жүйенің жұмыс жасап, дамуы оның «кірісі» мен «шығысына» байланысты. Кіріске жататындар: талап тілектер, мүдде, мұқтаждықтар, қолдаулар немесе кеілпеушіліктер. Осы кіріске жауап ретінде саяси жүйе жұмыс жасайды. Ол шығыс деп аталады. Оған жататындар: заңдар, шешімдер, бұйрықтар, реформалар және тағы жа басқалары. Саяси жүйенің басқа қоғамның жүйелерден айырмашылығы, онда күш көрсету құқы бар.



**Саяси жүйенің өзіндік мүмкіндіктері бар.
Д.Истон мен Г.Алмонд олардың төрт
түрін көрсетеді**

Топтар мен жеке адамдардың
жүріс – тұрысын басқаруға
байланысты реттеу мүмкіндігі;

Қорларды, игіліктерді, қызметті,
үздік белгілерді және т.с.с. бөлу
және қайта бөлу мүмкіндігі;

Өзінің қызмет етуіне қажетті
экономикалық және басқа
қорларды табуға байланысты
қысымдық мүмкіндігі;

Әлеуметтік ортаның талаптарына
әрқашан жауап берерлік, өзгерген
жағдайларға бейімдеушілік
мүмкіндігі.

Қоғамның саяси жүйесінің негізгі элементтері

Саяси институттар

Жеке саяси

Тікелей саяси билікті іске асырушы саяси Партиялар

Жеке емес саяси

Кәсіподақтар, қауымдастықтар, жастар ұйымдары

Саяси емес

Спорттық қоғамдар, экологиялық қозғалыстар

Құқықтық нормалар

Саяси жүйеде оған кіретін ұйымдардың қызметі *құқық нормалармен* реттеледі. Осы нормалар жүйесінде құқық ерекше орынға ие, ол барлық қоғамдық қатынастардың басты нормативтік реттеушісі.

Саяси қарым-қатынастар

Саяси қатынастарға таптардың, этникалық бірлестіктердің, тұлғалар мен қоғамның, азаматтар мен мемлекеттің арасындағы қатынастар кіреді

Саяси сана

Өмірдегі саяси қатынастарды бейнелейтін, оларды түсініп-сезінетін, адамдардың бұл саладағы іс-әрекеттерін бағыт беретін әлеуметтік сезімдер, түсініктер, көзқарастар жиынтығы

Саяси жүйе қоғамдық өмірдің барлық салаларының дамуына бағыт беріп, ықпал етеді, оларды басқарады. Қоғам дамуының мақсатын айқындайды. Мақсатына байланысты саясат экономикалық, әлеуметтік, мәдени, ұлттық, ішкі және сыртқы болып бөлінеді. Әдетте, мақсаттарды саяси партиялар зерттеп дайындайды. Парламенттік сайлауда жеңген партияның саяси бағыты мемлекеттің еріксіз мәжбүр ететін күштеріне (әскер, милиция) сүйеніп жалпыға міндетті мемлекеттік жарлық сипатын алады. Мемлекеттік басқару органдары қоғамды қабылдаған шешімдерді орындауға жұмылдырады, қоғамдық процестерге әсер ететін негізгі тетікке айналады.



Саяси жүйенің функциялары

Қоғамның мақсаты мен міндетін
анықтау

Оларды орындау үшін ресурстарды
жұмылдыру

Қоғамның бүкіл элементтерін
интеграциялау

Көпшіліктің саяси санасын
қалыптастыру.

Саяси жүйенің қызметтері

Белгілі бір әлеуметтік топтың немесе көпшілік халықтың саяси билігін қамтамасыз ету және биліктің тәртіпке келтірілген, ережелерде, қалыптарда бекітілген, яғни институционалданған түрі. Сондықтан ол конституцияға негізделген жалпыға міндетті заңдар шығарады, ол арқылы қоғамда тәртіп орнайды. Егер оны бұзушылар болса, оларға тиісті шара қолданылады.

Саяси жүйе қоғамдық қатынастарды реттейді, жекелеген әлеуметтік топтар немесе көпшілік халықтың мақсат мүддесіне сәйкес адамдардың тіршілік әрекетінің әртүрлі салаларын басқарады. Ол әлеуметтік институттар қызметінің мақсаттарын айқындайды, солардың негізінде оларды орындаудың саяси жобаларын жасайды.

Саяси жүйе қоғамда жинақтаушылық, топтастырушылық қызмет атқарады. Ол ортақ әлеуметтік саяси мақсаттар мен құндылықтардың айналасында барлық әлеуметтік топтар, жіктердің белгілі бір бірлестігін қамтамасыз етеді.

Экономикалық қалыпты жұмыс істеп, прогресті дамуына қажетті саяси жағдай жасау. Мысалы, саяси жүйе өндіріс құралдарына меншік түрлерін құқықтық тұрғыдан бекітеді, қаржы жүйесін реттейді, салық саласын жүргізеді.

Қоғамды, оның мүшелерін ішкі және сыртқы бүліндіргіш әрекеттерден қорғау. Мысалы, ұйымдасқан қылмыс, сыртқы агрессиядан (әскери, экономикалық, информациялық) және т.б.

Саяси жүйенің жіктелуі

Саяси жүйенің жіктелуі жөнінде ғалымдар арасында ортақ пікір жоқ. Олар бұл мәселеге әр жақтан қарайды, әр түрлі өлшемді (критерийді) пайдаланады. Мысалы, марксизм формациялық көзқарасты басшылыққа алып (өндіріс тәсілінің және қоғамның таптық құрылымының өзгешеліктеріне қарай) оны құлдық, феодалдық, капиталистік және коммунистік саяси жүйе деп бөледі.



Ал У. Ростоу және т.б. "экономикалық есу сатысы" деген тұжырымдаманы алға тартады. Олардың ойынша, адамзаттың даму тарихы мынадай бес сатыдан тұрады:

1) **Дәстүрлі қоғам**- алғашқы қауымдық, рулық және феодалдық қоғамның бір бөлігі;

2) **Өтпелі қоғам**- өндірістік революцияны;

3) **Алға басу(жылжу) қоғамы**- 70-80 жылдардағы капитализмді;

4) **Индустриалдық**- 2000 жылға дейінгі капитализмді жатқызады.

5) **Индустрияланғаннан кейінгі(постиндустриалдық)**

Бұлайша сатыға бөлудің өлшемі ретінде техникалық даму деңгейін алады. Марксизмнің басшылыққа алатын өндірістік қатынастарымен олар санаспайды.

Саяси жүйе саяси тәртібіне қарай

Тоталитарлық

Жеке адам мен қоғам толығымен билікке бағынады. Мемлекет қоғамдық өмірдің барлық саласын өзінің бақылауына алады.

Автолитарлық

Билік басындағы жеке адам не адамдар тобы шексіз билікке ие болады. Парламент, оппозициялық партиялар болғанымен олардың ықпалы шамалы келеді. Мемлекеттің сайланбалы органдары, азаматтарының құқықтары мен еркіндіктері шектеледі.

Демократиялық

Тұлға құқығы биік тұрады, билік жұмысын қоғам бақылауға алады. Онда биліктің өкілдік органдарын жалпыға бірдей сайлау арқылы халық сайлайды, азаматтарға саяси құқықтар мен еркіндіктер беріледі, елде заңдылық билейді

**Француз саясаттанушысы Ж.
Блондель саяси жүйені
басқарудың мазмұны мен түріне
сай 5-ке бөлді**

Либералдық демократия. Ол саяси, мемлекеттік шешімдерді қабылдағанда меншікке иелік етуі, жекешелдік, еркіндік сияқты құндылықтарды басшылыққа алады.

Авторитарлық-консервативтік жүйе. Онда әлеуметтік және экономикалық теңсіздік сақталады, халықтың саяси билікке қатысуына шек қойылады.

Дәстүрлі саяси жүйе. Ол ат төбеліндей ақсүйектердің саяси және экономикалық үстемдігіне негізделеді

Коммунистік жүйе. Ол әлеуметтік игілікті тең бөлуге бағдар ұстайды.

Дамып келе жатқан елдерде қалыптаса бастағн саяси жүйе. Онда авторитарлық басқару белең алады.

Ағылшын-америкалық жүйе

Индустрияланбаған немесе жарым-жартылай индустрияланған

Батыс саясаттанушыларының арасында саяси мәдениеттің жағдайына қарай, құндылықтар жүйесінің негізінде жүйені жіктеудің 4 түрі кең тараған

Құрылықтық (континенталдық)-еуропалық саяси жүйе

Тоталитарлық саяси жүйе